

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Хорватия Республикасының Үкіметі арасында Сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісім жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 22 сәуір N 455

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Хорватия Республикасының Үкіметі арасындағы Сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімнің жобасы мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрі Мәжит Төлеубекұлы Есенбаевқа қағидатты сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Хорватия Республикасының Үкіметі арасында Сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісім жасасуға өкілеттік берілсін.

3. "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Хорватия Республикасының Үкіметі арасында Сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісім жасасу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 18 шілдедегі N 972 P010972_ қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Хорватия
Республикасының Үкіметі арасындағы Сауда-экономикалық
ынтымақтастық туралы келісім

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Хорватия Республикасының Үкіметі (бұдан әрі Тараптар деп аталатын),

ұзақ мерзімді, тұрақты және тең құқықты негіздегі сауда-экономикалық ынтымақтастық екі жақты қатынастарды дамытуда маңызды және қажетті фактор болып табылатындығын тани отырып,

екі елдің экономикалық субъектілерінің арасындағы байланыстарды дамыту мақсатында қолайлы жағдайлар туғызуға және өзара мүдделілікті білдіретін салаларда сауда-экономикалық ынтымақтастыққа жәрдемдесуге ұмтыла отырып, сондай-ақ

транзит еркіндігі қағидатын сақтау мақсатында
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Мақсат

Осы Келісімнің мақсаты Тараптардың арасында өзара сауда жүргізу және экономикалық қатынастар үшін қағидаттарды айқындау болып табылады.

Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына және халықаралық міндеттемелеріне сәйкес екіжақты сауда-экономикалық қатынастарды үйлесімді дамытуға Тараптар жәрдемдесетін болады.

2-бап

Ұлтқа неғұрлым қолайлы режимі

1. Тараптар ұлттық заңнамаларына және:

- а) мұндай баждар мен алымдарды өндіріп алу тәсілін қоса алғанда, кеден баждары мен импортқа және экспортқа салынатын кез келген түрдегі алымдарға;
- б) кедендік тазартуды, транзитті, қоймаға жинауды және қайта тиеуді қоса алғанда, импортқа және экспортқа ережелер мен ресмиліктерге;
- в) импортталатын тауарларға (жұмыстарға, қызмет көрсетулерге) қатысты тікелей немесе жанама қолданылатын салықтарға және кез келген түрдегі басқа ішкі алымдарға ;
- г) ішкі рынокта импортталатын тауарларды сатуға, сатып алуға, тасымалдауға, бөлуге, қоймада жинауға және пайдалануға;
- д) тауарлармен саудаға жататын төлемдерге жататын барлық мәселелер

бойынша Тараптар мемлекеттерінің мүдделеріне сәйкес бір-біріне ұлтқа неғұрлым қолайлы режим ұсынады.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелері Тараптардың әрқайсысы:

- а) шекара маңындағы сауданы жеңілдету үшін шектес мемлекеттерге;
- б) кеден одағына, еркін сауда аймағына немесе аймақтық экономикалық ұйымға қатысу мақсатында;
- с) Дүниежүзілік сауда ұйымының/Тарифтер және сауда жөніндегі бас келісіміне (бұдан әрі - ДСҰ) сәйкес дамушы елдерге берген немесе бере алатын артықшылықтарға және жеңілдіктерге қолданылмайтын болады.

3-бап

Транзит

Әрбір Тарап Тараптардың ұлттық заңнамаларына сәйкес басқа Тарап мемлекетінің аумағынан шығатын немесе басқа Тарап мемлекетінің аумағына арналған тауарлардың өз мемлекетінің аумағы арқылы кедергісіз транзитін қамтамасыз етеді.

Осы мақаланың редакциясы Қазақстан ДСҰ-ға кіргеннен кейін өзгеруі мүмкін.

4-бап Ұлттық режим

Бір Тараптың мемлекетінің аумағында өндірілген, басқа Тарап мемлекетінің аумағына импортталған тауарларға басқа Тарап мемлекетінің аумағында айналымда болған кезде қолайлылығы ішкі өндірістің осындай тауарларына қолданылатыннан кем емес шарттар қолданылуы тиіс. Көрсетілген шарттар, соның ішінде ішкі салықтарды және басқа ішкі алымдарды, ішкі саудаға, сату, сатып алу, тасымалдау, тауарларды бөлу немесе пайдалану

туралы ұсыныстарға қатысты заңнаманы, ережелер мен талаптарды қамтиды.

5-бап Ырықтандыру

Әрбір Тарап Тараптар мемлекеттері өнімінің импортын ырықтандыруға неғұрлым қолайлы деңгейді ұсынады. Ырықтандыру процесі Тараптар арасындағы сауданы дамытудың, рыноктағы жағдайлардың, Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларындағы өзгерістердің негізінде есепке алынатын болады.

6-бап Шыққан елі

Бір Тарап мемлекетінің аумағына импортталатын тауарлардың шыққан елі осындай Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасы және екі Тарап қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес айқындалатын болады.

7 - б а п Т ө л е м д е р

1. Егер жекелеген шаруашылық жүргізуші субъектілердің арасында өзгеше арнайы келісілмеген немесе Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес

белгіленбеген болса екі елдің арасында тауарлармен және қызмет көрсетулермен сауда кезіндегі барлық төлемдер еркін айырбасталатын валютада жүзеге асырылуы тиіс.

2. Жеке мәмілелерге қатысушы Тараптар мемлекеттерінің субъектілеріне еркін айырбасталатын валютаға не Тараптар мемлекеттерінің жекелеген шаруашылық жүргізуші субъектілерінің арасында келісілген кез-келген басқа валютаға қол жеткізуге немесе оның аударымына қатысты үшінші мемлекеттің субъектілеріне ұсынылғаннан қолайлығы кем емес режим ұсынылады.

8 - б а п

Экономикалық ынтымақтастық

1. Тараптар екіжақты сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту мақсатында ақпарат алмасуды көтермелейтін болады.

2 . Т а р а п т а р :

жәрменкелер, көрмелер, конференциялар, жарнамалар, консультациялар және басқа да бизнес қызметтерін ұйымдастыруды және өткізуді;

шаруашылық жүргізуші субъектілердің, өндірушілер ассоциацияларының, сауда палаталарының және Тараптар мемлекеттері басқа сауда ассоциацияларының арасындағы байланыстарды дамытуды;

бірлескен экономикалық және өнеркәсіптік, атап айтқанда, ауыл

шаруашылығы, агроөнеркәсіптік қызмет, телекоммуникациялар, денсаулық сақтау, медициналық жабдықтар және білім беру саласындағы ынтымақтастықты дамытуды қоса алғанда, өзара сауданы жақсартуға бағытталған шаралар арқылы сауда-экономикалық ынтымақтастыққа жәрдемдесуге келіседі.

9-бап

Сауда өкілдігі

Тараптар өзара уағдаластық бойынша өз қызметін болатын елінің ұлттық заңнамаларына не Тараптар мемлекеттері бекіткен жекелеген халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асыратын сауда өкілдіктерін ашуға құқылы.

10-бап

Қорғау, демпингке қарсы және өтемдік шаралар

Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына және ДСҰ-ы келісімдері мен ережелеріне сәйкес Тараптар мемлекеттері тауарларының импорты кезінде қорғау, демпингке қарсы және өтемдік шаралар қолданатын болады.

11-бап

Жалпы ерекшеліктер

Осы Келісімде Тараптарға ұлттық қауіпсіздік, қоғамдық мораль және қоғамдық тәртіп мүдделерін, адамдардың өмірі мен денсаулығын, жануарлар мен өсімдіктерді, ұлттық байлықты құрайтын көркем, археологиялық, тарихи құндылықтарды қорғауға бағытталған шаралар қабылдауға ешнәрсе де кедергі жасамайды.

12-бап

Санаткерлік меншік

1. Санаткерлік меншіктің сауда және экономикалық ынтымақтастықты дамыту үшін маңыздылығын ескере отырып, Тараптар өнертапқыштық, өнеркәсіптік үлгілер, интегралдық шағын схемалар және ноу-хау ашылмаған ақпарат топографиясы саласындағы авторлық және сабақтас құқықтарды, тауарлық белгілерді, географиялық көрсеткіштерді, патенттерді кемсітусіз толық және тиімді қорғауды қамтамасыз етеді.

2. Әсіресе, Тараптар 1994 жылғы 15 сәуірдегі Санаткерлік меншік

құқықтарының сауда аспектілері жөніндегі ДСҰ Келісімінің ережелеріне сай сәйкес болуы үшін шаралар қабылдайды.

3. Бұдан әрі Тараптар санаткерлік меншік құқықтарын қорғау саласындағы халықаралық конвенцияларға кіру үшін барлық күш-жігерлерін жұмсайтын болады.

13-бап

Стандарттар

1. Әрбір Тарап басқа Тараптың сұрау салуы бойынша стандарттауға қатысты шаралар жөнінде ақпарат береді.

2. Тараптар саудадағы кедергілерді қысқарту мақсатында стандарттау саласында ынтымақтасатын болады.

14-бап

Бірлескен комиссия

Осы Келісімді іске асыруды жеңілдету және сауда-экономикалық ынтымақтастықты жетілдіру жөнінде ұсынымдарды пысықтау мақсатында Тараптар Қазақстан-хорват сауда-экономикалық ынтымақтастығы жөнінде бірлескен үкіметаралық комиссиясын құруға келісті.

15-бап

Ерекше жағдайлар

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жекелеген хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

1 б - б а п
К ү ш і н е е н у і

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдерді орындауы туралы Тараптар бір-бірін хабардар ететін дипломатиялық арналар бойынша соңғы жазбаша хабарламаны алған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім мерзімі белгіленбей жасалады және Тараптардың бірі оның қолданылуын тоқтатуға өз ниеті туралы басқа Тарапқа жазбаша хабарлама жіберген күнінен бастап 6 ай өткенге дейін күшінде қалады.

200__ жылғы " __ " _____ қаласында әр мәтін қазақ, хорват, ағылшын және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, мұның өзінде барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер пайда болған жағдайда, Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінеді.

Қазақстан Республикасының _____ Хорватия Республикасының _____
Үкіметі үшін _____ Үкіметі үшін _____

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.